



Ұшу экипаждары бойынша емтихан алушының тағайындалуы үшін қажетті құжаттардың тізбесі.

Жеке тұлға оны емтихан алушы (бағалаушы) етіп тағайындау үшін уәкілетті ұйымға ұсынады:

1. "Қазақстанның авиациялық әкімшілігі" АҚ Бас директорының атына тиісті біліктілігі бар емтихан алушы болып тағайындау туралы еркін нысандағы өтініш;
2. ұшу экипажының мүшелері үшін ұсынысты авиациялық персоналдың біліктілік деңгейін айқындау қағидасының 15-қосымшасына сәйкес , № 517 бұйрық;
3. жеке куәліктің көшірмесі (паспорт);
4. қолданыстағы біліктілік және арнайы белгілері бар авиация персоналының куәлігі және қосымша бет (бар болса) ;
5. тиісті біліктілігі бар емтихан алушыға қайта даярлау курстарынан өткенін растайтын сертификат;
6. нұсқаушыға қайта даярлау курстарынан өткенін растайтын сертификат.

Ұшу экипаждары бойынша емтихан алушының өкілеттіктерін ұзарту үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1. "Қазақстанның авиациялық әкімшілігі" АҚ Бас директорының атына тиісті біліктілігі бар емтихан алушының өкілеттігін ұзарту туралы еркін нысандағы өтініш;
2. жеке куәліктің көшірмесі (паспорт);
3. қолданыстағы біліктілік және арнайы белгілері бар авиация персоналының куәлігі және қосымша бет (бар болса) ;
4. тиісті біліктілігі бар емтихан алушылар үшін арнайы бағдарлама бойынша кәсіби деңгейді қолдау курстарынан өткенін растайтын сертификат;
5. тағайындау мерзімі ішінде басқа емтихан алушының бақылауымен бір біліктілік тексеру жүргізілгенін растайтын құжат (бұл тексеру кешенді тренажерде орындалуы мүмкін);
6. өз міндеттерін атқару кезеңі ішінде жылына кемінде екі тексеру жүргізілгенін растайтын құжаттар.